

Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып карантинді аймағын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № А-5/249 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 мамырда № 7851 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 мамырдағы № А-5/270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 28.05.2021 № А-5/270 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Ақмола облыстық аумақтық инспекциясының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 03-06-315 ұсынымының негізінде, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес залалданған алқаптардың көлемінде , карантиндік арамшөп – жатаған (қызғылт) уекіре бойынша Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып карантинді аймақ белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес залалданған алқаптардың көлемінде , карантиндік арамшөп – далалық арамсоюу бойынша Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып карантинді аймақ белгіленсін.

3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес залалданған алқаптардың көлемінде , орманның карантиндік зиянкесі – жұпсыз жібек көбелегі бойынша Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып карантинді аймақ белгіленсін.

4. Осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары **Ғ.К. Әбдіхалықовқа** жүктелсін.

6. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданылысқа енгізіледі.

Карантиндік арамшөп – жатаған (қызғылт) уекіре бойынша Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып белгіленген карантинді аймақ

№ р/р	Аудандардың атауы	Ауылдық округтердің атауы	Залалданған жерлердің көлемі, га
1.	Ақкөл	Новорыбин ауылдық округі	582
2.	Астрахан	Ауылдық округтері: Первомай, Астрахан, Ұзынкөл, Есіл, Николаев, Острогор; Каменка ауылы.	9699,3
3.	Атбасар	Сергеевка ауылдық округі, Атбасар қаласы.	322,9311
4.	Аршалы	Ауылдық округтері: Жібек жолы, Константинов.	1158
5.	Бұланды	Ерголка ауылдық округі.	782
6.	Біржан сал	Ауылдық округтері: Макинка, Баймырза; Мамай ауылы.	1355
7.	Егіндікөл	Ауылдық округтері: Алакөл, Ұзынкөл; ауылдар: Абай, Спиридоновка, Буревестник, Егіндікөл, Бауман.	12605
8.	Есіл	Ауылдық округтері: Бұзылық, Жаныспай, Двуречный, Қаракөл, Красивинский, Свободный; ауылдар: Ақсай, Московский; Красногорский кенті.	17615
9.	Жарқайың	Державин қаласы, ауылдық округтері: Уәлихан, Жаңадала, Костычево, Нахимов, Отрадный; ауылдар: Бірсуат, Гастелло, Құмсуат, Львов, Пригород, Пятигор, Тасөткел, Тассуат, Шойындыкөл, Үшқарасу.	78850,3
10.	Жаксы	Ауылдық округтері: Жаңа Қийма, Ешім, Қызылсай, Запорожье; ауылдар: Жаксы, Терісақан, Белағаш, Подгорное.	7587,672
11.	Зеренді	Ауылдық округтері: Зеренді, Күсеп.	264
12.	Сандықтау	Ауылдық округтері: Баракпай, Белгород, Васильев, Жамбыл, Сандықтау, Широков, Веселов, Максимов; Мәдениет ауылы,	5372
13.	Қорғалжын	Ауылдық округтері: Қорғалжын, Кеңбидайық, Арықты, Майшұқыр, Қызылсай, Амангелді, Сабынды, Қарашалғын.	23297
14.	Целиноград	Ауылдық округтері: Шалқар, Софиевка, Рахымжан Қошқарбаев, Арайлы, Жаңаесіл, Нүресіл, Оразақ, Жарлықөл, Родина; ауылдар: Ақмол, Мәншүк.	36731,1033
15.	Шортанды	Ауылдық округтары: Раевка, Новокубанка, Бектау, Пригородный, Петровка, Андреевка, Бозайғыр; Шортанды кенті.	9006,16
	Барлығы:		205227,4664

Карантиндік арамшөп – далалық арамсоюу бойынша Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып белгіленген карантинді аймақ

--	--	--	--

№ р/р	Аудандардың атауы	Ауылдық округтердің атауы	Залалданған жерлердің көлемі, га
1	Бурабай	Кенесары ауылдық округі	20,0
2	Есіл	Ауылдық округтері: Двуречный, Қаракөл, Интернациональный, Свободный.	40,0
3	Жақсы	Ауылдық округтері: Ешім, Жаңа Қийма.	10,0
4	Жарқайың	Ауылдық округтері: Уәлихан, Жаңадала, Отрадный; Державин қаласы; ауылдар: Гастелло, Пригород, Пятигор, Львов, Бірсуат, Далабай.	73,8
5	Зеренді	Мәлік Ғабдуллин ауылдық округ.	0,0058
6	Сандықтау	Ауылдық округтері: Балкашин, Сандықтау, Широков.	6,90
7	Целиноград	Мәншүк ауылы.	0,46
	Барлығы:		151,1658

Ақмола облысы әкімдігінің
2020 жылғы 6 мамырдағы
№ А-5/249 қаулысына
3-қосымша

Орманның карантиндік зиянкесі – жұпсыз жібек көбелегі бойынша Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып белгіленген карантинді аймақ

№ р/р	Аудандардың атауы	Ауылдық округтердің атауы	Залалданған жерлердің көлемі, га
1	Сандықтау	Балкашин ауылдық округі.	75,3
		Новоникольск ауылдық округі.	70,1
	Барлығы:		145,4

Ақмола облысы әкімдігінің
2020 жылғы 6 мамырдағы
№ А-5/249 қаулысына
4-қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған, кейбір қаулыларының тізбесі

1. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" 2014 жылғы 27 ақпандағы № А-3/61 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4080 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 тамызында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" 2017 жылғы 1 маусымдағы № А-6/233 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6008 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 шілдеде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № А-3/61 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 1 маусымдағы № А-6/234 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6009 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының аумағында карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № А-3/61 қаулысына өзгеріс енгізу туралы " 2018 жылғы 18 шілдедегі № А-7/318 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6752 болып тіркелген, 2018 жылғы 16 тамызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).